

Бірыңғай бюджеттік жіктемеге N 41 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2001 жылғы 10 ақпандағы N 65 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 3 наурызда тіркелді. Тіркеу N 1415

Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі "Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы" Z922900_ , 1993 жылғы 22 қазандағы "Қазақстан Республикасындағы Сәулет және қала құрылысы туралы" Z933200_ , 2000 жылғы 22 желтоқсандағы "2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Z000131_ , 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқаруы туралы" Z010148_ заңдарына және 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1950 P001950_ " 2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру туралы" қаулысына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 V991058_ "Бірыңғай бюджеттік жіктемені бекіту туралы" бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік жіктемесіне:

бюджет шығыстарының функционалдық жіктемесіне:

16 бағдарлама мынадай редакцияда жазылсын:

"16 Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды және өзге де күтпеген шығыстарды жою үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражаты есебінен іс-шаралар өткізу";

"8.1.263.47 Тарихи-мемориалдық кешеннің аумағын көркейту" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"8.1.263.47 Жергілікті маңызды тарих және мәдениет ескерткіштерін жөндеу-қайта жаңарту жұмыстарын жүргізу және аумағын көркейту";

"11.2.273.48 Жергілікті деңгейдегі жобалау-ізвестіру, конструкторлық және технологиялық жұмыстар" деген жолдан кейін мынадай редакциядағы жолмен толықтырылсын:

"11.2.273.49 Елді мекендерде құрылыс салудың бас жоспарларын әзірлеу";

"13.9.275.30.30 Білім, мәдениет, спорт және демалыс объектілерін салу

13.9.275.30.31 Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылым және көріктендіру объектілерін салу, жергілікті деңгейде жолдар мен көпірлерді салу және қайта құру" деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"13.9.275.30.30 Білім, мәдениет, спорт және демалыс объектілерін салу және қайта құру

13.9.275.30.31 Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылым және көріктендіру

объектілерін салу, қайта құру және күрделі жөндеу, жергілікті деңгейде жолдар мен көпірлерді салу және қайта құру".

2.

<*>

Ескерту: 2-тармақ алынып тасталынды - ҚР Қаржы министрінің 2001 жылғы 18 мамырдағы N 259 бұйрығымен.

V011523_

3. Заң қызметі (Қ. Әбдіқалықов) және Бюджет (Е. Бахмутова) департаменттері осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін 2 тармақтан басқасы, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қаржы министрі

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.